

FIBAA – бас офісі Германияның Бонн қаласында орналасқан аккредитация мен жоғары білім сапасын тексеру бойынша Халықаралық агенттік болып табылады (коммерциялық емес ұйым). Агенттік 1994 жылы Австрия, Швейцария және Германияның жетекші жұмыс берушілер бірлестіктерінің арқасында құрылды. 20 жылдан астам уақыт ішінде FIBAA Жоғары оқу орындарындағы экономика, менеджмент, юриспруденция, қоғамдық ғылымдар салаларындағы білім сапасының жоғары болуын қадағалауға және жоғарылатуға себепкер болып келе жатыр. Басты мақсаты - білімді еңбек нарығы, студенттер және жоғары оқу орындарының өзі үшін ашықт ету.

Қазіргі кезге дейін агенттік Германия, Еуропа мен әлемнің өзге мемлекеттерінің (Австрия, Голландия, Индия, Иордания, Испания, Қазақстан, Қытай, Лихтенштейн, Ресей, Румыния, Словения, США, Франция, Чехия, Швейцария) жоғары оқу орындарындағы 1900-дан аса оқу бағдарламаларын аккредитациялады.

FIBAA еуропалық және халықаралық ірі қауымдастықтар мен сапа кепілдігі бойынша желілердің мүшесі болып табылады:

- ENQA, Жоғары білім саласын сапамен қамтамасыз ету бойынша Еуропалық қауымдастық (толық мүшелік),

- ECA, Аккредитация бойынша Еуропалық консорциум (жарғылық мүшелік),

- CEENQA, Орталық және Шығыс Еуропа елдеріндегі жоғары білім сапасымен қамтамасыз ету агенттіктер Желісі (жарғылық мүшелік),

- INQAANE, Жоғары білімдегі сапамен қамтамасыз ету бойынша Халықаралық агенттіктер желісі (толық мүшелік),

- EUA, Еуропа университеттерінің бірлестігі (аффилирлі мүшелік).

2009 жылдан бастап FIBAA Агенттігі Еуропалық сапамен қамтамасыз ету регистріне кіреді (EQAR).

Жоғары білім беру бағдарламаларын аккредитациялау барысында FIBAA академиялық ортада танылған эксперттік бағалау тәсілін қолданады («peer review»). Сапаны бағалауды біздің агенттіктің қатал пәндік критерийлері жүйесі бойынша іріктелініп алынған, білікті және тәуелсіз халықаралық эксперттер жүргізеді.

FIBAA 600-ден аса сыналған, өз қызмет саласындағы біліктілігімен танылған бағалаушылардың пулымен жұмыс жасайды.

#### **FIBAA қызмет салалары:**

- Бағдарламалық аккредитация – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын аккредитациялау.

- Институционалдық аккредитация – ЖОО-ны ұйым ретінде кешендік бағалауға негізделген жоғары оқу орнын аккредитациялау.

- Стратегиялық басқару саласындағы Институционалдық аккредитация – институционалдық стратегияларын жан-жақты бағалауға негізделген жоғары оқу орындарын кейінгі білім беру бағдарламаларын аккредитациялау.

• FIBAA Consult – ұйымдарға кеңес беру және білім сапасын дамыту мен қамтамасыз етумен байланысты, кең ауқымдағы сұрақтар бойынша іс шараларды ұйымдастыру



**2017 жылы КазҰУ-дың 41 мамандығы сапа экспертизасын және экономикалық, құқықтық және әлеуметтік-гуманитарлық профильдерінің білім беру бағдарламаларының аккредитациясын өтті**

**Жетекші Еуропалық аккредитациялық агенттік FIBAA Экономика және Жоғарғы бизнес мектебінің, заң факультеттерінің, география және табиғатты пайдалану, халықаралық қатынастар, философия және политология білім беру бағдарламаларының жоғары сапасын растады.**

«Менеджмент және маркетинг» кафедрасы 14 білім беру бағдарламаларының сапа сараптамасын және аккредитациялауын өтті,оның ішінде:

5B051000 – Мемлекеттік және жергілікті басқару

1. 6M051000 – Мемлекеттік және жергілікті басқару
2. 6D051000 – Мемлекеттік және жергілікті басқару
3. 5B050700 – Менеджмент
4. 6M050700 – Менеджмент
5. 6D050700 – Менеджмент
6. 5B051100 – Маркетинг
7. 6M051100 - Маркетинг
8. 5B090900 – Логистика (салалар бойынша)
9. 6D090900 – Логистика (салалар бойынша)
10. 6M051800 – Жобаларды басқару
11. 6DM051800 – Жобаларды басқару
12. 6M051700 – Инновационный менеджмент
13. 6D051700 – Инновационный менеджмент



FIBAA

YOUR PARTNER FOR EXCELLENCE  
IN HIGHER EDUCATION

FOUNDATION FOR INTERNATIONAL  
BUSINESS ADMINISTRATION  
ACCREDITATION (FIBAA)

## PROGRAMME ACCREDITATION

of the Master Programme  
Management  
(Master of Science (M.Sc))

of

Al-Farabi Kazakh National University

The FIBAA Accreditation Commission for Programmes  
awards, according to its resolution on 29<sup>th</sup> January 2015, its Quality Seal.



The accreditation is valid until 30<sup>th</sup> September 2020.  
It is granted under conditions.

BONN, 29<sup>th</sup> January 2015

Direction